

- **15 ТАҚЫРЫП. ӘЛЕМДІК ЭКОНОМИКА
ҚЫЗМЕТ ЕТУІНІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ
НЕГІЗДЕРІ.**

ДӘРІС ЖОСПАРЫ (1 сағат):

- 1.Әлемдік шаруашылықтың мәні. Халықаралық сауда және сыртқы сауда саясаты.
- 2.Әлемдік валюта жүйесінің мазмұны және құрылымы. Қазіргі әлемдегі халықаралық ұйымдар және интеграциялық бірлестіктер.
- 3.Экономикалық жаһандану: жағдайлары, факторлары және салдары. Қазақстанның әлемдік нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін жоғарлату.

- **Мақсаты:** халықаралық экономиканы қарастыру арқылы, оның ішкі ұлттық экономикаға әсерін, оның негізгі түрлерін көрсете білу. Әсіресе сыртқы сауданың негізгі ҚР қалай әсер ететіндігін талдау.

- **Дүниежүзілік шаруашылық жүйесі - дүние жүзі елдері ұлттық шаруашылықтарының жиынтығы.**



- Дүниежүзілік шаруашылық жүйесі, негізінен, 19 ғасырдың аяғы мен 20 ғасырдың басында ірі машиналық индустрияның, көліктің және әлемдік рыноктың дамуы нәтижесінде қалыптасты.

- **Әлемдік экономика** – бұл ұлттық шаруашылықтар арасындағы байланысты жүзеге асыратын, халықаралық экономикалық қатынастар жүйесі.



Әлемдік экономикаға тән сипаттар:

1

- Тұрақтылық - бұл әлемдік экономикадағы барлық құрушылардың тұрақты қарым-қатынастарының болжамы

2

- Ортақ мақсаттың болуы

3

- Құрушы элементтердің көптігі.

4

- Құрылымдылығы

5

- Иерархиялық

- **Әлемдік шаруашылықтың негізгі субъектілері:**

1

- **Мемлекет**

2

- **Трансұлттық корпорациялар**

3

- **Халықаралық ұйымдар** **ЭКОНОМИКАЛЫҚ**

- **Сыртқы сауда** – елдер арасындағы сауда.
- **Халықаралық сауда саясаты** - халықаралық сауда саласында жалпылама қабылданған саясат. Дүниежүзілік Сауда Ұйымы (ДСҰ) жүргізеді.
- **Сыртқы сауда саясаты** - мемлекеттің басқа елдермен сауда қатынасына бағытталған іс-әрекеті түсіндіріледі.

- **Сыртқы сауда саясатының негізгі мақсаттары:**

1

- осы елдің халықаралық еңбек бөлінісіне кіруінің дәрежесі мен әдісін өзгерту

2

- экспорт пен импорт көлемдерін өзгерту

3

- елді қажетті ресурстармен қамтамасыз ету (шикізат, энергия және т.б.)

- **Сыртқы сауда саясатының негізгі екі бағыты бар:**

1

• **еркін сауда саясаты**

2


• **протекционизм**

- Халықаралық валюта жүйесі дүниежүзілік нарықтың маңызды элементі болып табылады.



- **Ұлттық валюта жүйесі** — белгілі бір елдегі, сол елдің заңдарымен анықталатын валюталық қатынастарды ұйымдастыру формасы.

- **Әлемдік валюта жүйесі** — мемлекет аралық келісімдермен бекітілген, тарихи қалыптасқан халықаралық ақшалай қатынастарды ұйымдастыру формасы болып табылады.



- **Халықаралық валюта жүйесіне** бірқатар құрылымдық элементтер тән, олардың ішінде аса маңыздылары:

1

- **халықаралық ақшалай тауар**

2

- **валюта бағамы**

3

- **валюталық нарықтар**

4

- **халықаралық қаржы-валюталық ұйымдар**

5

- **халықаралық келісім шарттар**

- **Халықаралық Экономикалық ынтымақтастық** - жекелеген елдер мен елдер топтары арасындағы шаруашылық байланыстар кешені.

- **Дүниежүзілік сауда ұйымы (ДСҰ)** — халықаралық сауда ережелерін либерализм принциптеріне қарай реттейтін халықаралық экономикалық ұйым, ол 1995 жылғы 1 қаңтардан бастап жұмыс істей бастады. (162)



- **Еуразиялық экономикалық одақ, ЕЭО** — Қазақстан, Ресей, Беларусь мемлекет басшылары арасында 2014 жылдың 29 мамырында қол қойылған келісім негізінде құрылған экономикалық одақ. (Армения, Қырғыстан).



- **Жаһандану, ғаламдану, әлемдік ауқымдану, глобализация** (ағылш. Global — әлемдік, дүниежүзілік, жалпы) — жаңа жалпы әлемдік саяси, экономикалық, мәдени және ақпараттық тұтастық құрылуының үрдісі.



- **Жаһандандудың төмендегідей негізгі құрамдас бөліктері бар:**

1

- **менталдық немесе мәдени**

2

- **экономикалық жаһандану**

3

- **аумақтық Жаһандану**

4

- **ақпараттық-коммуникациялық Жаһандану**

5

- **этникалық Жаһандану**

- Жаһандану соңғы жүзжылдықтың екінші жартысында орын алған үдеріс. Оның факторлары мен элементтеріне қатысты көптеген даулар мен қарама-қайшылықтар тууда.
- 1. трансұлттық корпорациялар
- 2. үкіметтік емес ұйымдар

- Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 30 елінің қатарына кіру «Қазақстан-2050» Стратегиясын жүзеге асырудың жалпы интегративті мақсаты ретінде белгіленген.
- 2050 жылға қарай Қазақстан келесідей жетістіктерге қол жеткізеді деп ұйғарылады:

1

- **экономиканың орташа жылдық өсуі 4,3% жағдайында жан басына шаққандағы ЖІӨ-нің 60 мың доллардан кем емес көлеміне қол жеткізу**

2

- **ЖІӨ-де мұнайгазды емес сектордың үлесінің 32%-дан 70%-ға дейін өсуіне жету**

3

- **ұзақ мерзімді өсудің негізгі қозғаушы факторы ретінде еңбек өнімділігі ағымдағы деңгейден 5 есеге ұлғаюы, яғни жұмыс істейтін адамға шаққанда 24,5 мың доллардан 126,5 мың долларға дейін өсуі керек**

4

- мемлекеттік қызметтердің сапасын жоғарлатуды қосқанда, мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін қазіргі 116 орыннан 30-қа жуық орынға дейін жақсарту қажет

5

- Қазақстан Бизнесті жүргізу жеңілдігінің индексінде 49 орыннан 30-қа көтерілуі және 2050 жылға қарай жиырмалыққа кіру керек

6

- жемқорлықтың Transparency International индексінде ағымдағы 133-ші орыннан ең кемінде отызыншы тармаққа көтерілуге мүмкіндік беретін масштабты жұмысты жүргізу қажет

7

- **2050 ж. қарай энергияның қайта қалпына келетін және балама түрлерінен генерацияны 50%-на қол жеткізу;**

8

- **ЖІӨ-нің энергия сыйымдылығын екі есе төмендету, яғни ЖІӨ-нің 1 мың долларына шартты отынды 0,4 тоннадан 0,2 тоннаға дейін азайту;**

9

- **халықтың орташа жасын 35 жасқа жеткізуді қамтамасыз ету барысында демографиялық өсуді 17 млн.-нан 21 (25) млн-ға дейін өсіруді қамтамасыз ету;**

10

- туу коэффициентінің 2,1–2,2 промилле және одан да жоғары деңгейде сақталуына қол жеткізу

11

- елдегі орташа өмір сүру ұзақтылығын 69,6 жастан (әлемде 128-ші орын, әлемдегі көшбесшы 30-шы елден 10 жылға артта қалу) 84 жасқа дейін жоғарлату, бұл 2050 ж. қарай 30-шы елдің болжамдалатын мәні болып табылады;

12

- 3 жастан үлкен балалардың барлығын жоғары сапалы мектепке дейінгі мекемелермен қамсыздандыру

13

- **ауыр қылмыстар бөлігінде қылмыстық деңгейін 90%-ға төмендету**

14

- **қазақстандық жоғарғы оқу орындарында шетелдік студенттерді дайындау үлесін 1-ден 15%-ға жоғарылату;**

15

- **қазақстандық экспортты алушылар үлесін (негізгі екі алушылардан басқа) 35%-дан 70%-ға дейін немесе одан да жоғары деңгейге өсіру.**